№1 «Күншуақ» бөбекжай –балабақшасы МКҚК

# ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.

## Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы
№123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген

Әдіскер: Л.М.Асанова

2025-2026 оқу жылы

**«Бекітемін»**
«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№1«Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ның
меңгерушісі: Г.Ж.Барикова ______
«__» ______ 2025 жыл

# ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.

тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыруіс-шаралары және т.б. өткізу).

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген. Бұл құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады

**Бағдарламаның мақсаты:**

**Бағдарламаның міндеттері:**

Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізу.

Білім беру ұйымдарының вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті қоғамдастықтың сұраныстарын және мемлекеттік органдардың басымдықтарын ескере отырып, білім беру қызметінің нысандарын, әдістерін таңдау дербестігін қамтамасыз ету.

**Танымдық компоненттер:** Баланың әл-ауқатын анықтайтын құндылықтардың маңыздылығын білу, түсіну, сезіну

**Практикалық компонент:** Өмірлік жағдайларда құндылықтар қолдануды сипаттайтын дағдылар мен нақты әрекеттер

**Эмоционалды компонент:** Баланың құндылықтарын, бағдарын және мінез-құлықын анықтайтын эмоционалдық тәжірибе

**Іске асыру шаралары:**

МЖМББС, сынып сағаты, әлеуметтік жобалар, алдын алу шаралары

**Игертетін құзыреттіліктер:**

Ұлттық мүдделерді насихаттау, тиімді коммуникация, қоғамға қызмет, азаматтық парыз, инновациялық ойлау, жасампаздық.
Мемлкет басшысы Қ. Тоқаевтің құрылтайдағы сөзі негізінде аталған құндылықтар негізінде іске асады.

**Білім беру ортасын құру және қолдау**

• Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.
• Ынтымақтастық атмосферасын құру.
• Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.
• Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды. Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру
• Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.
• Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату.
• Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.
• Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағыт бағдар дәрістерін өткізу.
Ынтымақтастықты қолдау
• Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.
• Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.
• Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.
• Жергілікті қауымдастықтармен байланысты нығайту. 10 және ұйымдармен

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қазан айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Наурыз** –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.
**Маусым**- жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Шілде** -заң және тәртіп айы;
**Тамыз**-заң және тәртіп айы;

**Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым

түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:
**Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық-**
**Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
Отан, ел, туған өлке туралы білу
• Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
• Мемлекеттік тілді білу
• Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
• Табиғатқа қамқорлық таныта білу
**Құндылық: бірлік және ынтымақ-**

**Құзыреттілік: тиімді коммуникация**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
• Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
• Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**Құндылық: әділдік және жауапкершілік-**

**Құзыреттілік: қоғамға қызмет**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
Жауапты болу
• Уәделерді орындай білу
• Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

**Құндылық: заң және тәртіп**
**Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық**

**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
• Үлкендерге құрмет көрсету
• Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

**Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
**Құзыреттілік: инновациялық ойлау**
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
• Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
• Өзіне-өзі қызмет көрсету

**Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық**
Құзыреттілік:шығармашылық
**Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**
• Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
• Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
• Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
• Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
• Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
• Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

| Қ/с | Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара атаулары | Аяқталу нысаны | Жауаптылар | Орындалу түрі | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Күнделікті атқарылатын іс-шара*** | | | |
| 1. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**, ұйымдастырылған іс-әрекет барысы,күні бойғы әрекет,еркін ойын, серуен | Ойын барысын, сайыс нәтижелерін әлеуметтік желіге жариялау | Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, дене тәрбиесі нұсқаушылары, | Ойын әрекеті, сайыстар, күні бойғы әрекет барысы | Қыркүйек-мамыр аралығы күнделікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде ұйымдастырылады | | тәрбиешілер | | |
| 2. | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру | Ата-ана мен тәрбиеленушінің қарым-қатынасы артады | Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, тәрбиешілер, ата-ана | Әңгімелесу, ертегі айту, саяхаттау, диалог | Қыркүйек-мамыр аралығы күнделікті |
| 3. | **«Үнемді тұтыну»**, суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу | Күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарау түсінігі қалыптасты | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер, ата-ана | Ойын, әңгімелеу, мультфильм көру | Қыркүйек-тамыз аралығы күнделікті |
| 4 | **«Күй күмбірі»**, балаларды қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды, ұлттық мәдениетті түсінеді, құрметтейді, қызығушылығы артады. | Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, музыка жетекшісі | балаларды қабылдау барысында | Қыркүйек-тамыз аралығы күнделікті |
| ***Апта сайын*** | | | | | |
| 1. | **«Менің Қазақстаным»**таңғы жаттығудан соң тәрбиеленушілер күнделікті Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды | Әнұранды жатқа біледі, патриоттық сезімі артады | Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы | Әнұранды тыңдау айту | Қыркүйек-тамыз аралығы апта сайын |
| 2. | **«Апта дәйексөздері»** аптаның | Дәйексөздер туралы түсінігі артады | Мектепке дейінгі ұйым | Ақпараттық | Қыркүйек-тамыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелер арқылы ойнату | | меңгерушісі, әдіскері, қазақ тілі педагогі, ата-аналар | стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, ойындар | аралығы апта сайын |
| 3. | **«Қауіпсіздік ережесі»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу | Өмір қауіпсіздігі негіздерін түсінеді | Мекепке дейінгі ұйым меңгерушісі, әдіскері, тәрбиешілері, пән мұғалімдері | Ойындар, ермектер арқылы күні бойғы әрекет барысында | Қыркүйек-тамыз аралығы үнемі |
| | | ***Қыркүйек- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы*** | | | |
| 1. | 1-Қыркүйек білім күні «Балабақша – бақыт мекені | Білім күні туралы түсінігі қалыптасады | Мектепалды топ тәрбиешілері | Мерекелік шара | Қыркүйек I апта |
| 2. | «Тілім жүрек үнім» | Тілге сүйіспеншілігі, мақтаныш сезімі, құрметі артады | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Топ аралық сайыс, ермек | Қыркүйек I апта |
| 3. | «Қазақшаң қалай, балақай?» | Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларды қазақ тілін меңгеруге ынталандыратын дамытушы тілдік орта құрылады | қазақ тілі маманы | байқау | 5 Қыркүйек |
| 4. | **«Тілге бойлау» жобасы** «Тіл халық қазынасы» | Балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын оянады, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдылары яғни түсіну айтуды қалыптасады. | қазақ тілі маманы | жоба | Жыл бойы |
| 5. | **«Балалар кітапханасы» жоба аясында** «Кітаппен достасайық» | Балалар кітаптың маңыздылығын ұғынды, кітапқа деген қызығушылығы артады, рухани-мәдени құндылықтары насихаттау арқылы оқу мәдениеті қалыптасды | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Саяхат, сахналық қойылым, театрлық ойын түрлері, кездесулер | I-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және кітаппен тұрақты дос бола алады. | | | |
| 6. | **Қаржылық сауаттылық** Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банк, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Супермаркет, Телестудия, Шеберхана, Тігінші, Мұражай, Турагенство, Әуежай, Наубайхана, т.б) | Қаржыны үнемдеу, жұмсау, қаржы туралы алғашқы қадамдарын түсінеді | | Дамытушы ортадағы ойындар | Жыл бойы |
| 7. | **«Ойын – қуаныш, ұлттық мұра»** «Бескеней» (тәрбиеленушілер арасында) «Ата-ана, бала, ойын – бірлікбастауы» (ата-аналар арасында) | Ұлттық ойындар, жарыс ойындарға белсенділікпен қатысады, ата-анамен ынтымақтастық артады | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Жарыс | Қыркүйек II- III апта |
| 8. | **Қауіпсіздік ережесі** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай | Жол ережесі туралы түсінігі қалыптасады | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортадағы ойындар, бейне көріністер, мультфилмдер қарау т.б. | үнемі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аялдамасы", "Автобус аялдамасы") жол белгілерімен таныстыру<br>«Автобус аялдамасы» ,<br>«Бағдаршам» | | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | | |
| 9. | **«Еңбегі адал жас өрен»**<br>«Күзгі асар» жәрмеңкесі<br><br>Мамандықтар әлемі<br>**«Кітап және кітапханашымен танысу»**<br>Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу | - Балаларға еңбекке баулу, еңбектің маңызын түсіндіру;<br>- Ұлттық дәстүрлерді сақтау және балаларды «асар» секілді ұжымдық еңбекке бейімдеу;<br>- Отбасылар мен педагогтердің ынтымақтастығын арттыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Барлық топтар<br><br><br>Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Көрме<br><br>Сюжетті рөлдік ойын | IY- апта<br><br><br>III-апта |
| ***Қазан - Тәуелсіздік және Отаншылдық айы,*** | | | | | |
| 1. | **«Экологиялық жоба «**<br>«Жас метеоролог»,<br>2.Метеоалаң балаларға ғажайып табиғат әлеміне<br>«Жасыл балабақша» жобасы т.б.<br>1.Жылыжайларға мен күтім жемістер балабақша гүлдер, отырғызу | Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін ұғынады, табиғатқа қамқорлық танытады | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Зерттеу, бақылау, тәжірибе, ойындар | I-апта |
| 2. | **«Қамқор жобасы»**<br>«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы | Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жанашырлық сезімін қалыптастыру, табиғи ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Мектепалды топтар | Акция | I-апта |
| 3. | **«Дала дәстүрі: ойын мен өнеге»**<br>(мектепке дейінгі ұйым педагогтері арасында) | Ұлттық ойындар арқылы қазақ халқының мәдени мұрасын насихатталады, ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнін көрсетіледі. | Мектепке дейінгі ұйым педагогтері | Көрме | Қазан<br>II- апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу<br>**«Емхана дәрігер жұмысымен танысу»** | Балаларды емханадағы дәрігер мамандығымен таныстыру, дәрігердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу, денсаулық сақтау маңыздылығын түсіндіру. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті рөлдік ойын | II-апта |
| 5. | Өнерім саған-Қазақстан! | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық өнер құралдары арқылы шығармашылық, музыкалық қабілеттері дамиды. | Қазақ тілі педагогі | Байқау | Қазан<br>III -апта |
| 6. | **«Шабыт» жобасы**<br>Челлендж «Даналық ұстаздан Мұғалімдер күні қарсаңында сүйікті тәрбиешісіне алғашқы арналған бейне хабарлама / ән / сурет және басқа да алғыс білдіру түрінде челлендж | Педагогтердің кәсіби тәжірибесін, даналық ой-пікірлерін, тәлімдік кеңестерін насихаттау арқылы жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсету және ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру. | музыка жетекшісі<br><br>Мектепалды топ тәрбиешілер | Челленж | I -апта |
| 7. | Мәңгілік ел – ұрпаққа аманат (тәрбиешілер арасында) | Тәрбиешілердің патриоттық сана-сезімі нығаяды, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы тәрбие үдерісіне тиімді енгізу жолдарын талқылау, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие берудің әдіс-тәсілдерімен тәжірибе алмасу арқылы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігі артады. | әдіскер | Диалог, әдістемелік сағат | Қазан<br>III апта |
| 8. | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» | Балалардың бойында отбасыға деген сүйіспеншілікті, құрметті, мейірімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым- | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Челлендж, байқау | IY-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатынасты нығайту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. | | | |
| | *Қараша - Әділдік және Жауапкершілік айы* | | | | |
| 1. | Көліктүрлері — менің көмекшілерім<br><br>«Адам жүргінші жолы тортуар», | Балалардың көлік түрлері (жолаушы, жүк, арнайы қызмет көліктері және т.б.) туралы түсініктері қалыптасады, олардың қызметі мен ерекшеліктерін таниды үйренеді, ойлау, сөйлеу және қиялдау қабілеттері дамиды, көлікке қатысты қауіпсіздік ережелерімен танысады. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортадағы ойындар | І-апта |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу<br>**«Полиция бөлімі»** | Балалардың құқық қорғау саласындағы қызметпен танысуы, полиция қызметкерінің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, мамандықтың маңыздылығын түсіндіру. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | І-апта |
| 3. | Заттарға қамқор бол! | Балалар қоғамдық (ортақ) мүлік ұғымын түсінеді, оған ұқыпты қарау, сақтау, бүлдірмеу туралы түсінік қалыптасады, ортақ заттарға (ойыншықтар, жиһаз, кітаптар т.б.) ұқыптылықпен қарауға тәрбиеленеді, қамқорлық пен жауапкершілік сезімі дамиды. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортадағы ойындар | Қараша<br>күні бойғы әрекет |
| 4. | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Сөз ойла, тез ойла» | Балалардың ойлау, есте сақтау, сөздік қорын дамыту; сөйлеу тілін жетілдіру және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | қазақ тілі маманы | Зияткерлік ойындар | ІІ-апта |
| 5. | Шындықты сүй, өтірік айтпа | Балалардың бойында адалдық, шыншылдық, әділдік сияқты адамгершілік қасиеттерді | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Мультфильм қарау, сұрақ жауап, сурет | Қараша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптасады, дұрыс пен бұрысты ажыратуға үйренеді, шындықты айтуға тәрбиелеу және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен карауға дағдыланады. | | салу, мақал-мәтелдер, көрініс/драма элементтері, дидактикалық ойындар | |
| | ***Желтоқсан- Бірлік және Бінтымақ айы*** | | | | |
| 1. | Біз – еліміздіңболашағымыз! | Балалардың туған елі – Қазақстан Республикасы туралы түсінігі, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Отанын сүюге, елін мақтан тұтуға тәрбиеленеді, патриоттық сезімдері оянады және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі қалыптасады. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, музыка жетекшісі | танымдық ойындар, мерекелік ертеңгілік, сұрақ-жауап, викторина ойындары, сурет салу байкаулары, әңгіме, көрініс, флешмоб, фотосессия, ата-анамен бірлескен жұмыс, кеңестер | Желтоқсан II апта |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу<br>«Аспаз кондитер »<br><br>«Жедел жәрдем станциясы» | - Балаларға мамандықтар туралы алдын ала әңгімелеп беру, таныстыру.<br>- Қауіпсіздік ережелері мен тәртіпті түсіндіру.<br>- Кәсіби мамандармен байланыс орнату (аспаз-кондитер, жедел жәрдем қызметкерлер | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | I-апта |
| 3. | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Сиқырлы дорба» | - Алдын ала «сиқырлы дорба» (ішіне түрлі заттар салынады: ойыншықтар, әріптер, сандар, көкөністер, жануар макеттері, т.б.) дайындалады.<br>- Жас ерекшелігіне сай тапсырмалар мен сұрақтар әзірленеді. | қазақ тілі маманы | Дебат | II-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | **«Жасыл балабақша» жобасы**<br>1.«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)<br>2.«Мета-кеңістіктегі тәрбиелік мүмкіндіктер: тәжірибе және болашақ» | - Балалар мен ата-аналардың арасындағы рухани байланыс пен бірлікті нығайту;<br>- Отбасы құндылықтарын дәріптеу және ата-аналардың тәрбие үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;<br>- Табиғатты аялау, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты бала бойына сіңіру. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | III -апта |
| 5. | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Кітап – рухани қазына» | Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы | Мектепалды топ | сұрақ жауап, сурет салу, мақал-мәтелдер, көрініс | III-апта |
| 7. | Бала – ата-ананыңайнасы(тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында) | Бала тәрбиесіндеотбасының, ата-ананыңжәнебалабақшаұжымыныңбірлескенәрекетініңмаңыздылығынкөрсетеді,ата-аналар мен тәрбиешілерарасындаөзараынтымақтастықнығаяды, баланыңтұлғалықдамуынаата-ананыңтәрбиелікықпалын арттыруғабағытталғанортақжауапкершіліккалыптасады. | Мекепке дейінгі ұйым әдіскері | Интелектуалды ойын | II апта |
| 8. | **«Қауіпсіз балабақша»**<br>«Ойын кезіндегі қауіпсіздік»<br><br>«Қысқы қауіп-қатерлерден сақтану қауіпсіздік ережесі» | - Балаларға ойын кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелерін үйрету;<br>- Қауіп төнген жағдайда дұрыс әрекет етуге дағдыландыру;<br>- Достық қарым-қатынас пен жауапкершілікке тәрбиелеу. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ойын әрекеттері | IY-апта |
| ***Қаңтар - Заң және тәртіп айы*** | | | | | |
| 1. | **Қаржылық сауаттылық**<br>Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен | Қаржыны үнемдеу, жұмсау, қаржы туралы алғашқы қадамдарын түсінеді | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортадағы ойындар | Жыл бойы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банк, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Супермаркет, Телестудия, Шеберхана, Тігінші, Мұражай, Турагенство, Әуежай, Наубайхана, т.б) | | | | |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Тігін цехы»<br><br>«Фермаға саяхат» | - Балаларды тігін мамандығымен таныстыру;<br>- Киім тігудің бастапқы кезеңдері мен құрал-жабдықтар туралы түсінік қалыптастыру;<br>- Еңбектің маңыздылығын түсінуге, еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | II-апта |
| 3. | **«Smart bala» жобасы**<br>Балалармен мультимедиялық викториналар | - Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтауын және логикалық ойлауын дамыту;<br>- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру;<br>- Мультимедиялық құралдар арқылы білім алуға деген ынтасын ояту;<br>- Қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру және топпен жұмыс істеуге үйрету. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | III-апта |
| 4. | **«Қауіпсіз балабақша»**<br>«Абайла терезе», | Балаларды терезе жанындағы қауіп-қатерлермен таныстыру; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ойын әрекеттері | III- апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Тамактану қауіпсіздігі» | – Терезе ашық тұрған кезде өзін-өзі ұстау ережелерін үйрету;<br>Балаларға дұрыс тамақтану ережелерін үйрету;<br>– Тамақ ішу кезіндегі қауіпсіздік нормаларын сақтау дағдыларын қалыптастыру (ыстық тағамнан күйіп қалмау, тамақты асықпай жеу, т.б.); | | | |
| 5. | Көңілді ойын – пайдалы білім | Балалардың ойын арқылы білім, дағды және тәртіп ережелерін меңгеруіне жағдай жасалады, танымдық белсенділігін арттыру, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттері дамыды, ұжымда әрекет етуге, ережені сақтауға және достық қарым-қатынас орната алады. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортадағы ойындар | YI -апта |
| 6. | Мен – табиғаттың досымын | Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі, қамқорлық сезімі қалыптасады, табиғатты қорғау мен экологиялық тазалықтың маңыздылығын түсінеді, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, өсімдіктер мен жануарларға жанашыр болуға тәрбиенеді. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Танымдық ойын, экологиялық ертегілер оқу, тазалық акциясы, эко-студия-шығармашылық шеберхана, сурет салу | IY-апта |
| ***Ақпан - Жасампаздық пен Жаңашылдық айы*** | | | | | |
| 1. | Бүгінгі бала – болашақ ғалым: мен зерттеушімін | Балалардың зерттеуге, жаңа нәрселерді танып-білуге деген қызығушылығы оянады, шығармашылық және танымдық қабілеттері дамиды, логикалық ойлау, бақылау және эксперимент жасау дағдылары қалыптасады, өз бетімен қорытынды жасауға және | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | байқау | I- апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сұрақтарға жауап іздеуге үйренеді | | | |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Наубайханмен танысу»<br><br>«Жылыжай Біз өсірген өсімдік» | - Нан өнімдерінің қалай дайындалатынын көреді (илеу, пісіру, салқындату т.б.);<br>- Наубайшы мамандығының маңызын түсінеді;<br>- Өсімдіктерді қалай күтіп-баптау керектігін (суару, жарық, топырақ таңдау);<br>- Табиғатқа жанашырлық пен еңбекке жауапкершілікпен қарауды; | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | II -апта |
| 3. | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» | - Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасының маңызын ұғындыру;<br>- Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, қамқорлық, бірлік секілді құндылықтарды қалыптастыру;<br>- Ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты нығайту, бірлескен іс-әрекеттерге тарту; | Ересек топтар | Байқау | II апта |
| 4. | **«Қауіпсіз балабақша»**<br>«От – досымыз ба, әлде жауымыз ба?»<br>«Бөтен адаммен сөйлеспе!» | - Оттың пайдасы мен зияны туралы түсінік қалыптастырады;<br>- Отпен абай болу ережелерін меңгереді (мысалы: сіріңке, плитамен ойнамау);<br>- Төтенше жағдайда (өрт болғанда) өзін қалай ұстау керектігін үйренеді;<br>- Бөтен адамдармен қарым-қатынас жасауда қауіпсіздік ережелерін біледі;<br>- Қауіп төнген жағдайда үлкендерден көмек сұрау, "жоқ" деп айту сияқты дағдыларды меңгереді; | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ойын әрекеттері | III -апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | **«Шабыт» жобасы**<br>«Балабақша театры»<br>Театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру | | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сахналық қойылым | ІІІ -апта |
| 6. | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Кітаппен жарқын әлемге» (жергілікті балалар жазушыларымен кездесу) | - Қойылым сценарийін түсініп, есте сақтауды;<br>- Шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзіне деген сенімділікті арттыру;<br>- Мәдениеттілік пен көркемдікке қызығушылықты қалыптастыру. | қазақ тілі маманы | Кездесу | ІІІ-апта |
| 7. | Ұлттық ойын – ұлттық рух, үстел үсті ойындары | Балалар ұлттық ойындардың маңыздылығын түсінеді, олардың мәдени және рухани құндылықтарын таниды, үстел үсті ойындары арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттері, зейіні, ептілігі дамиды, ұжымдық іс-әрекетке, ынтымақтастыққа және өзара құрметке тәрбиеленеді. | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Көрме | ІІ апта |
| 8. | Өнердің тамыры – отбасы мен бақша (тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында) | Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда отбасы мен балабақшаның бірлескен әрекетінің маңыздылығын көрсетеді, ата-аналар мен тәрбиешілер арасында шығармашылыққа қызығушылық артады, балалардың қолөнер мен өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға қолдау көрсетеді, ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды ұрпаққа жеткізе аладыдиалог алаңы. | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Шеберлік сағаты, диалог алаңы, мәдени шығармашылық кеш, аналар әкелер мектеп жұмысы, тәжірибе алмасу сәттері | ІІІ апта |
| ***Наурыз- Тәуелсіздік және Отаншылдық айы*** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Жақсылыққа жауап – алғыс (тәрбиеленушілер мен ата-аналар, педагогтер арасында) | Балаларға алғыс айту мәдениетін үйрету арқылы жақсы қарым-қатынас пен мейірімділік қалыптасады, ізгі ниет пен ризашылық сезіміне тәрбиеленеді, отбасы мен балабақшадағы бір-біріне деген құрмет пен қамқорлық артады, алғыс айту арқылы қоғамда достық пен ынтымақтастық нығаяды. | Мекепке дейінгі ұйым педагогтері | Сұхбат, ән айту және өлең оқулар, сурет салу немесе қолөнер шеберханасы,дөңгелек үстел немесе әңгіме-сессия | I апта |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Мен өскенде кім боламын?» «Құрлысшы болғым келеді» | - Балаларға түрлі мамандықтар, әсіресе құрылыспен байланысты мамандықтар туралы түсінік беру; - Болашақ мамандықты таңдау процесіне қызығушылық ояту; - Құрылыспен байланысты еңбек құралдары мен технологиялармен таныстыру; | Байтерек тобы-тәрбиешілер | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | I апта |
| 3. | **«Smart bala» жобасы** «Смарт бала – зияткерлік ұрпақ» | - Ойын және мультимедиялық құралдар арқылы білімді қызықты әрі тиімді меңгерту; - Логика, ойлау дағдыларын, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; - Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, шығармашылық және критикалық ойлау қабілетін дамыту; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | II -апта |
| 4. | **«Шабыт» жобасы** «Ананың аялы алақаны» челлендж | - Ана мен баланың арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту; - Ана мейірімі мен қамқорлығын түсінуге тәрбиелеу; | музыка жетекшісі | Челлендж | II-апта |
| 5. | **«Қауіпсіз балабақша»** «Электр құралдары – қауіпті | Балалар электр құралдарының қауіпті екенін және олармен ойнауға | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ойын әрекеттері | III -апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншық»<br>«Қауіпсіз ойын – көңілді ойын» | болмайтынын үйренеді;<br>Бір-біріне қамқорлық жасауды және достық қарым-қатынасты дамытады. | | | |
| 6. | Еңбектіңдәмі – тәттісый | Балаларға еңбек ету арқылы алған нәтиженің маңыздылығын түсінеді, еңбекке деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікке тәрбиеленеді, ұқыптылық, табандылық және ынтаны дамытады, еңбектің жемісін бағалауға, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. | Мектепке дейінгі ұйым педагогтері | Ойын әрекеті | II апта |
| 7. | Наурыз – жаңаөмірбастауы | Балалар Наурыз мерекесінің тарихы мен маңызын танысады, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге тәрбиеленеді, бірлік, достық, мейірімділік сезімдері дамиды, қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын насихаттау арқылы патриоттық рух көтеріледі. | Мектепке дейінгі ұйым педагогтері | Танымдық шығармашылық әрекет, мерекелік көріністер, қойылымдар | III апта |
| ***Сәуір- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы сәуір*** | | | | | |
| 1. | Халықаралық балалар кітап күні: Кітаппен бөліс – мейіріммен бөліс! | Балалар мен ата-аналардың кітап оқуға деген қызығушылығы артады, кітаптың адам өміріндегі рухани және тәрбиелік маңызын түсінеді, өзгеге қуаныш сыйлау, мейірімділік пен жақсылық жасау сынды адами құндылықтары қалыптасады, оқырман мәдениетін дамыту және ортада кітап оқуға қолайлы орта қалыптасады. | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | челлендж | I- апта |
| 2. | **«Қамқор» жобасы**<br>«Бала және табиғат: | Табиғаттың құндылығы мен маңыздылығын түсінеді; | Ересек , ортаңғы топ тәрбиешілері | Көрме | I -апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамқорлықтан басталады»<br>«Табиғатты сүй, қамқорлық ет» | - Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды үйренеді;<br>- Қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтаудың маңыздылығын меңгереді; | Мектепалды топ тәрбиешілері | | |
| 3. | Қоғамдық орын – ортақ үйіміз | Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерді біледі, балабақша тбындағы міндеттері туралы түсінеді. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінеді және ажырата біледі. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ойындар | II -апта |
| 4. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Аспанға самғаған ұшқыш»<br>«Татымды сауда – көңілді дүкен» | - Авиация саласының ерекшеліктерін біледі;<br>- Армандарға жету үшін еңбек ету және білім алудың маңызын түсінеді;<br>- Сауда және дүкен жұмысының негізгі ережелерімен танысады;<br>- Қызмет көрсету мәдениетін және адалдықты үйренеді; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | II -апта |
| 5. | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Кітаптар айналымы» | - Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру;<br>- Оқу мәдениетін қалыптастыру және дамыту;<br>- Кітаптарды сақтау және ұқыпты пайдалану дағдыларын қалыптастыру; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Акциясы | II-апта |
| 6. | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы | - Балалар мен ата-аналар арасында отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді насихаттау;<br>- Отбасындағы бірлік пен сүйіспеншілік сезімін нығайту;<br>- Отбасының тарихы мен мәдениетін | Мектепалды топ - тәрбиешілер | Жарыс | III-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрметтеуге тәрбиелеу; | | | |
| 7. | **Алдын алу шаралары**<br>«Бірге ойнаймыз – бір-бірімізді құрметтейміз!» | - Балалар арасында достық қарым-қатынасты нығайту;<br>- Өзара құрмет пен сыйластыққа тәрбиелеу;<br>- Бірлескен ойын арқылы ынтымақтастық, көмектесу, тыңдай білу дағдыларын дамыту; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік ойындар | III-апта |
| 8. | **«Қауіпсіз балабақша»**<br>«Балақай, су тасқынына дайын бол!»<br>«Өрт кезінде өзін қалай ұстау керек» | - Төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін;<br>- Су тасқыны мен өрттің себептері мен салдарын түсінуді;<br>- Қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңызын; | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | III-апта |
| 9. | **«Жасыл балабақша» жобасы**<br>1.«Жылыжайдағы тіршілік»<br>2.«Балабақшада мета-орта элементтерін қолдану тәжірибесі» | - Өсімдіктерді күтіп-баптау, суару, бақылау дағдыларын;<br>- Тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауды;<br>- Балалардың зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді;<br>- «Жасыл» технологияларды қолдану тәжірибесін жетілдіруді. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Танымдық, эксперименталды қ іс-әрекет | IY-апта |
| 10. | Сюжетті ролдік ойындар («Шеберхана»,«Телестудия», «Банк»,«Мұражай»,«Турагенство »,«Әуежай»,«Наубайхана»,«Тігін ші» т.б.) | Балалардың күнделікті өмірдегі түрлі мамандықтар мен қоғамдық орындардағы адамдардың қызметімен танысуына мүмкіндік жасау, сюжеттік ойын арқылы сөйлеу, ойлау, қарым-қатынас жасау, өз ойын еркін жеткізу және рөлге ену қабілеттері дамиды, ынтымақтастыққа, ережені сақтауға, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиеленеді. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Дамытушы ортада ойындар | II- апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** «Логикалық ойлау – зерделі баланың белгісі» | Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ой ұшқырлығын арттыру, шығармашылықпен ой қорыта білуге, шешім қабылдауға машықтандыру және зияткерлік қабілеттерін жетілдіру. | қазақ тілі маманы | Зияткерлік ойын | IY-апта |
| 12. | Әжемнің ертегісі жобасы, т.б. (әжелермен) | Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып береді, әже мен немере арасындағы қарым-қатынас артады | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата- аналар | Ұлттық дамытушы орта, телеарнаға көрсетілім | IY-апта |
| ***Мамыр- Бірлік және ынтымақ айы мамыр*** | | | | | |
| 1. | Менің сенімді достарым | Сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады, остыққа, бір-бірін сыйлауға, көмектесуге, адал және сенімді болуға тәрбиеленеді, достық қарым-қатынастың маңызын түсінеді, балалардың коммуникативтік дағдылары, өз ойын жеткізе білу, тыңдай білу қабілеттері дамыды. | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Сурет көрмесі, шағын әңгіме - сұхбат, ойындар | I-апта |
| 2. | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Шебер қол – өнер көзі» «Шаштараз» | Балаларды еңбекке баулу, түрлі мамандықтармен таныстыру арқылы олардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қол еңбегінің маңыздылығын түсіндіру және еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Жұлдыз тобы-тәрбиешілер | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары | I-апта |
| 3. | **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Шын жүректен кітап сыйла!» | Балаларға кітап оқудың маңызын ұғындыру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, қайырымдылық пен мейірімділікке | Ересек ,ортаңғы, кіші топ тәрбиешілері | Челленж | I-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | баулу, өзіндегі артық кітапты бөлісу арқылы достық пен қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | | | |
| 4. | **«Шабыт» жобасы** «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі Саптық әндер конкурстарына, әскери патриоттық фестивальдерге, спорттық-далалық ойындарға қатысу | Балалардың бойында отансүйгіштік, ерлік, батырлық, елжандылық қасиеттерін қалыптастыру, әскери-патриоттық әндер арқылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен батыр тұлғаларына деген құрмет сезімін ояту, музыкалық қабілеттерін дамыту. | музыка жетекшісі | Фестиваль | II-апта |
| 5. | Білім – болашаққа жол! | Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, оқуға, үйренуге деген ынтасын ояту, танымдық қабілеттерін, ойлау, есте сақтау және сөйлеу дағдыларын дамыту, білім алудың болашаққа апарар маңызды жол екенін түсіндіру, еңбексүйгіштікке, табандылыққа және Отанын сүюге тәрбиеленеді | Мекепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Ермек, ақылды баал сайысы | II-апта |
| 6. | **«Қауіпсіз балабақша»** «Жолда жүру ережесін білесің бе?» «Мен және менің қауіпсіздігім» | Жолда жүру ережелерімен танысады: бағдаршамның қызметі, жаяу жүргіншілер өтпесі, жол белгілерінің мағынасы. Өз қауіпсіздігін сақтау дағдыларын меңгереді: көшеде, қоғамдық орындарда, көлік ішінде өзін дұрыс ұстау. 3. Жолда жүру мәдениетін қалыптастырады: тәртіптілікке, жауапкершілікке, сақ болуға үйренеді. | Бөбек тобы-тәрбиешілер | Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары Көрме | III-апта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қауіпті жағдайларды алдын алуды үйренеді: бөтен адамдармен сөйлеспеу, жалғыз шықпау, қауіпті әрекеттерден аулақ болу. | | | |
| 7. | Таза табиғат – жарқын болашақ | Экологиялық мәдениет қалыптасады, табиғат құбылыстарына қызығушылығы артады, қоршаған ортаны аялауға өз ортасына жауапкершілікпен қарауға үйренеді. | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Экологиялық танымдық ойындар, тазалық акциясы, Экобала – 2026(мини-сайыс) | IY-апта |